

Отаргажиева Айжан Айқынқызы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Латын графикасына көшу мәселесінің зерттелу жайы

Латын алфавитіне көшу идеясы алғашқы кезде түркі зиялылары арасында уақыт талабына сай жаңарған қоғамдық қатынастар туралы мәселелерді көтерген, оқу орындарында реформалардың жүргізілуін және Батыс Еуропа елдерімен мәдени байланыс орнатуды қолдаған бағыты ретінде пайда болды. XIX ғасырдың II жартысынан басталған латын алфавитіне көшу туралы идеясы XX ғасырдың 20-30 жылдары аса кең ауқымда көтерілді. Ол тек Кеңестер Одағы құрамындағы ұлт өкілдерінің арасында ғана емес, Одақ сыртындағы түріктер мен мұсылман елдерінің арасында да дамыды.

1912 жылдан бастап қолданысқа енген Ахмет Байтұрсынұлының алфавиті тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен съезде ғана ресми түрде бекітілді. Бірақ бұл қазақ білімпаздарының съезі жай ғана «жиылыс» емес, «ұлт тағдырын» шешуге арналған үлкен мәні бар «жиын» болғандықтан, А.Байтұрсыновтың жазуы ресми түрде қабылданып халық үшін істелген «игі істің биік жиыны» болып табылады. Бұл жиылыс – «ой, сөз жиылыс» деп съездің «маңыздылығы» туралы алдын ала халықты құлақтандырады («Еңбекші қазақ» 1924, 23 мамыр). Қазақ білімпаздар тобы бұл съезде «қазақ емлесін бірінкейлей, қаріп жайын қарастыру, халық әдебиетінің халін һәм оқытылатын пәндерді жоспарлай, оқу һәм білім кітаптарын көбейту, қазақ пән сөздерінің бір болуы» сияқты мәселелерді қарастырғандықтан, бұл жиында араб әрпін тастап латынға көшу қажеттілігі туралы да ұсыныстар айтылады. Латын әліпбиін қабылдау мәселесін көтеріп, баяндама жасаған Назир Төреғұлұлы болды («Еңбекші қазақ» 1924, 23 мамыр). Ғалым баяндамасында: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуы тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп

алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс. Әрпі тізілгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Әріп сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын, әліпби үйренуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сыпарта келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ» деп латын әріптеріне қызықпауға шақырады және «орыстар аяқ баспай тұрғанда бізге не жорық алу қиын болғандықтан алмай отыр. Аз күшімізді керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсаймыз жөн емес пе деймін» деген ой айтады. Н.Төреқұлов зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақ тіліне бейімделген латын әліпбиінің нұсқасын, сондай ақ КСРО-да латын қарпіне өту мәселесінің тарихына қатысты шолуын 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Жаңа әліпби неге керек» атты еңбегінде ұсынады.

Н.Төреқұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: а (а) , е (е) , і (ы) , (і), о (о), (ө), и (ұ) , р (п), в(б), m (м), f (ф) , w (у), t (т), p (ғ), d (д), s (с), z (з), c (ш), j (ж), n (н), l (л), r (р), y (й), к (к), g (г), q (қ), x(x), h (h), n(н), ә(ә).

Әліпбиде (ф), (х), (h), (к), (ғ), (к), (г) дыбыстарының әрпі бар. Ал «а» фонемасы басқа дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, яғни 1926 жылғы құрылтай қаулысына сәйкес емес а, г, ң танбаларын жасайды [2, 230 б].

1924 жылы Түркістан Республикасының Ағарту халық комиссариатында қызмет еткен Х.Досмухамедов «Ақ жол» газетінде «Қазақ тіліне латын қарпін алу мәселесі» атты мақаласын жариялады. Х.Досмухамедов латын графикасына көшуге қарсы пікірде болғанымен, өз бетімен құрастырып шыққан латын әліпбиінің нұсқасын көпшіліктің назарына ұсынып, латын әріптері жүйесінің негізінде «әр дыбысқа жеке әріп» ұстанымын қатаң сақтау қиынға соғатыны туралы қорытындыға келді.

Негізінен қазақ зиялылары басқа әліпбиге көшуден гөрі, қолданыстағы араб әліпбиіне «өзгерістер енгізу» қажеттілігін көбірек көтерген еді. Бұл көзқарастағылардың негізгі ұстанымы «қазақ білмейтін бір бөтен әліпби шығарғанша, бұрынғысын түзеткені жақсы», яғни «қазақтардың не заманнан

бері ғадет алып үйренген» араб жазуын тілімізге икемдеу ұтымды болмақ дегенге саяды («Дала уәләяты» 1899, №22, 23). Осындай принципті басшылыққа алған зиялылар қауымының көшбасында А.Байтұрсынұлы тұрды. А.Байтұрсынов «араб әліпбиін өзгерту» мәселесін тек сөз жүзінде ғана айтып қоймай, «мен қаріптерді өзгерткенде, халық жатсынбай, хат білетін адамдар үйретпей-ақ оқып кетерлік болғандай қып өзгерттім» деп нақты іс жүзінде көрсете білді. Өзінің әліпби жүйесін «Жазу тәртібі» деген атпен, «Айқаптың» 1912 жылы 4 және 5 жариялап, халық талқысына ұсынады. А.Байтұрсынов «Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырмен отырып, ойласып іс істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп, ия аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ қой. Мақсат – сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына қаріп белгілер, жазуымызды бір жөнге салайық деген» деп, босқа дарықпауға шақырады, «осы күні әркім әр түрлі жазып жүр, бір жөнменен жазылатұғын жазу жоқ. Жазғанымыздың қате, дұрыстығын айырарлық емле жоқ. Оның жоқтығы қатаз тіліндегі дыбыстарға ашып-арнаған қаріптер жоқ. Бір сөзді екі кісі екі түрлі жазады» деп, әліпбиді еріккеннен өзгертпегенін түсіндіреді («Айқап»). М.Дулатұлы А.Байтұрсынов «әліпби жасау шеберлігін» бұлайша бағалайды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14 ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп біліңдер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен».

Сол кезеңдегі жазуға қатысты пікірталастар «Әліппе айтысы» деген атпен 1927 жылы Қызылорда қаласында кітап болып басылып шығады. Бұнда А.Байтұрсынұлының пікірін М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, А.Байтасұлы, И.Ахметұлы, т.б. қолдап, сөз сөйлейді. Бұл «Әліппе айтысында» латынды жақтаушылар А.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, А.Ермекұлы.т.б. өз пікірлерін

дәлелдеуге талпынады. Алайда бұлардың қай-қайсысы да А.Байтұрсынұлы жазуын жоғары бағалайтындығын өз сөздерінде білдіре отырып, латынға көшудің қажеттіліктері туралы айтады. Мәселен, Т.Шонанұлы: «Бізле Ақан еңбегімен, білім ордасының жігерімен жасалған жақсы емле бар. Емлеміз жақсы дегенге қосылмаз. Бірақ таңбамыз, әліппеміз, әріпіміз жақсы дегенге қосылғым келмейді» десе, А.Ермекулы: «Ақан емлені түзеп, қазақ тілінің негізін орнатқанына біз туралы орыстар да қарсы емес. Емлеміздің дұрыс шешілгендігі, басқа елдердің көбінікінен артық екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Сондықтан біз Ақан мәселенің қиынын шешті дейміз. Ендігі талас әріптеріміздің таңбасы туралы» деп, латын мен араб танбаларының айырылмашылықтарын сөз етеді. Латынды қолдаушылардың «Әліппе айтысында» айтқан негізгі уәждері латын әріпімен газет, журнал, кітап шығарғанда шығынның аз болатындығы, араб жазуымен шығарса шығынның көп кететіндігіне де мән берілді.

Екі шрифтті салыстыруға және оның қажеттілігі мен маңыздылығын айқындауға төмендегілер негізге алынуы керек:

1. Тілдің негізгі элементтерін бейнелеу дәрежесі;
2. Баспа және қолжазба мәтіннің оқылу тездігі;
3. Тез жазылу және оқылу;
4. Типографиялық техникаларға қолайлылығы;
5. Сауат ашу ісіндегі тиімділігі;

6. Баспа және қолжазба мәтіннің сыртқы әсемдігі мен көз гигиеналығы – деп, осы критерийлер бойынша жеке салыстырмалы талдау жасайды.

Қазақ тілінің дабыстарын белгілеуде араб жүйесінің 19 әрпін өзгеріссіз, 5 әрпі өзгертумен алынды. Латын алфавитінде 15 әріпті ғана өзгеріссіз алуға болады. Ал 7 әрпін дыбысталуы мен жазылуына өзгешеліктер енгізілуі тиіс болады. Қазақ тілінің екі дыбысын белгілеуге сәйкес келетін латын әріптері жоқ. Сондықтан оларды ойдан латын қарпімен салыстырғанда артық екенін байқаймыз.

Жаңа әліпби жасау жөніндегі комиссия құрылып, ол 1928 жылдың күзінде латын қарпі негізіндегі қазақ әліпбиінің жобасын ұсынды. Латын қарпіне түгел ауысып болғанша араб графикасы пайдаланыла тұратын болды. 1929 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің ІҮ сессиясында бұл жаңа әліппе «Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі деп саналсын» деген қаулы қабылданып, барлық мекемелер мен ұйымдарды жаппай латын жазуына көшуге міндеттейді.

Ұлттың болашағы ұлттық тіл – адамзат қоғамын құру үшін халыққа берілген маңызды құрал. Оны өзге де механизмдер секілді қоғамның дамуы үшін үнемі жетілдіріп, жаңғыртып отыру қажет. Сондықтан латын графикасына көшу ұлт болашағын жаңа бағытқа бастайтын жаңа бастамалардың бірі ретінде қараған жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Таласпаева Ж. Қазақ Орфографиясының мәселелері. Оқу құралы. –Петропавл. -2014.
2. Қайдар А., Айтбайұлы Қ. Латынның болашағы зор. Тіл майданы. – Алматы, 2004, -204.
3. Салқынбай А.В. Ахмет Байтұрсынов тағылымы. Қазақ әдебиеті. №5, 2.11.2006.-8 б.
4. Кудеринова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы, Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013 б.